**Қазақстан тарихы. 9-сынып**

**1-айналым. Жазбаша жұмыс**

(Максимальды балл – 30 ұпай. Тақырып бойынша берілген нақты сұрақтың жауабы 10 ұпаймен бағаланады)

Тақырып: Қазақстандағы ұжымдастыру

1. Қазақстандағы ұжымдастыру саясатының мақсаты
2. Қазақстандағы ұжымдастырудың қарқыны мен барысы.
3. Ұжымдастырудың экономикалық және демографиялық салдары.

**Қазақстан тарихы. 10 сынып**

**1 айналым. Жазбаша жұмыс.**

(Максимальды баға – 30 ұпай. Берілген нақты сұрақ 10 ұпаймен бағаланады)

**Тақырып: Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу тарихы**

1. «Дәстүрлі өркениет» ұғымы, Орталық азияның ертедегі дәстүрлі өркениет тарихы туралы жазба деректері
2. Қазақстанды археологиялық зерттеу тарихы
3. Орталық Азияның ертедегі дәстүрлі мәдениетін зерттеуде номадистика мен этнографияның рөлі

**Республикалық олимпиаданың I кезеңі**

**Қазақстан тарихы**

**11-сынып**
**1-айналым. Жазбаша жұмыс**
(Максимальды балл – 30 ұпай. Тақырып бойынша берілген нақты сұрақтың жауабы 10 ұпаймен бағаланады)

**Тақырып:** «Қазақстанда көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің дамуы»

1. Көшпелі мал шаруашылығының қалыптасу себептері.
2. Егіншіліктің дамуы.
3. XX ғасырдың басындағы қазақтардың жаппай егіншілікке өту себептері.

Тапсырма: Қазақстандағы ұжымдастыру саясатының мақсаты.

1. XX-ғасырдың 20-30 жылдар шебінде елдің экономикасы мен қоғамдық-саяси өмірінде «күштеу» саясаты негізгі тәсілге айналды. КСРО-дағы кең ауқымды және жеделдете индустрияландыру шаралары негізгі азық-түлік қорлану, әсіресе астықтың жетіспеуі мәселесін туындатты. Сондай-ақ 1927 жылы КСРО-да астық дайындау дағдарысы туындады. Мемлекет халықты астықпен толықтай қамтамасыз ете алмады. Бұған қоса, КСРО дүниежүзілік нарыққа астық шығарып, түскен қаржыны индустрияландыруға жұмсады. Шаруалардың астығын төмендетілген бағамен сатудан бас тартуы индустрияландыруға құйылатын қаржының аса ірі көзін жоғалтуға әкелді. Аграрлық сала қорланған өнеркәсіптік салаға аудару жүйесі тежеле бастады. Сондықтан өкімет азық-түлік мәселесін шешу үшін күштеу әдісін пайдаланып, ұжымдастыру саясатын жүргізді. Құрылған ұжымшарлар мемлекет жүктеген бесжылдық жоспарлы міндеттерді орындап отыруы тиіс еді. 1927 жылғы желтоқсанда БК(б)П XV съезінде КСРО ауыл шаруашылығын ұжымдастыру туралы шешім қабылданды. Ауылшаруашылық мүлкі, мал, тұқым, еңбек құралдары адамның өзі мен оның еңбегі ұжымдастырылды.

11 ұпай

2. Қазақстандағы ұжымдастырудың қарқыны мен барысы.

Қазақстан үшін ұжымдастыруды 1932 жылдың көктеміне қарай аяқтау міндетін қойды. Бұған тек көшпелі аудандар ғана қосылған жоқ. Ұжымдастыруда жергілікті партия, кеңестік органдар, МТС жүзеге асырып, олардың жанынан саяси бөлімдер құрылды. Республикада ұжымдастыруды жүргізген бұл адамдар «көшпелі шаруашылығы», «отырықшыландыру» деген ұғымдарды мүлде түсінбеді. Сондықтан отырықшыландыру мен ұжымдастыру көшіп-қонуға қатаң тыйым салу, күштеп отырықшыландыру және жергілікті жағдайлар ескерілмеген барлығын ұжымшарларға қуып жіберу жолымен жүргізілді.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

2. Белгіленген мерзімге жеткізбей тапсырманы орындау үшін республикадағы партиялық органдар қарқынды үдете бастады. Мал шаруашылығы аудандарында да ұжымшарларға күшейтілген қарқынмен құрылды. Ұжымшарларды құру кезінде еріктілік қағидата бұзылып, ұжымдастыруды күштеу арқылы жүргізілді. Ұжымдастыру «Кіші Қазан» кезеңінде басталған жаппай құлақтарды жою мен, шаруалардың барлық топтарына, бірінші кезекте дәулетті шаруашылықтарға жаппай құғындау мен қатар жүрді.

7 ұпай

3. Ұжымдастырудың экономикалық және демографиялық салдары.

Қазақстан ауыл шаруашылығындағы ұжымшарларға күштеп біріктіру, отырықшыландыру саясаты шаруашылықтың күйзелісін алып келді. Жеке шаруа қожалықтарының орнына ірі [illegible] шаруашылықтар - ұжымшарлар келді. Сталиндік күштеп ұжымдастыру аса ауыр салдарға әкеп соқты. 1926 және 1939 жылдары КСРО мен Қазақстанда халық санақтары жүргізілді. Санақтар бойынша Қазақстандағы халық санының азайғандығы туралы қорытынды жасауға болады. 1928 жылы қазақтардың саны 3 млн 628 мың адамды құраса, 1939 жылы 1 млн 321 мыңға азайған болды. Қазақ халқының саны 36,7%-ға кеміп кеткен. Бізде, Қазақстанда өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы орасан табыстарға қарамастан, мал шаруашылығында біз зор тоқырау дамыды. Бұл Қазақстандағы негізгі мал шаруашылық базасының екінші дәрежелілердің біріне айналдыруда.

8 ұпай

1-сұрақ - 10 балл
2-сұрақ - 7 балл
3-сұрақ - 8 балл

Жалпы балл - 25 балл.

КТ-9-08



Тақырып: Қазақстандағы ұжымдастыру

1) Қазақстандағы ұжымдастыру саясатының мақсаты: Ұжымдастыру ұжымдық шаруашылық, мұнда өндіріс құралдары (жер, жабдықтар, мал, тұқым және т.б) меншікте болады. XX ғасырдың 20-30 жылдары шебінде елдің экономикасы мен қоғамдық-саяси өмірінде „күштеу" саясаты негізгі тәсілге айналды. КСРО-дағы кең ауқымды және жеделдете индустрияландыру шаралары азық-түлік қорының, әсіресе астықтың жетіспеуі мәселесін туындатты. Сондай-ақ 1927 жылы КСРО-да астық дайындау дағдарысы туындады. 1927 ж желтоқсанда БК(б) П XV съезінде КСРО ауылшаруашылығын ұжымдастыру туралы шешім қабылданды. КСРО-да 1929 жыл ұлы бетбұрыс жылы болды. Бұл кезде шаруаның дербес жеке шаруашылықтары күйретілді, ал кеңестік ұжымшарлар кеңестік тоталитарлық машинаның аяусыз қаналатын жасанына айналды.

8 ұпай

2) Қазақстандағы ұжымдастырудың қарқыны мен барысы: Қазақстан үшін ұжымдастыруды жүргізу мерзімдерін Мәскеу белгіледі. Белгіленген мерзімге жеткізбей тапсырманы орындау үшін республикадағы партиялық органдар қарқында үдете бастады. Малшаруашылық аудандарында да ұжымшарлар күшейтілген қарқынмен құрылды. Ұжымшарларды құру кезінде еріктілік қағидаты бұзылып, ұжымдастыру күштеу арқылы жүргізілді. Ұжымшарларға барлық шаруашылықтар түгелдей енгізілгендіктен, ол жаппай ұжымдастыру болды. Ұжымдастыру „Кіші Қазан" кезеңінде басталған жаппай қуғындауға жалғасып, шаруалардың барлық топтарына, бірінші кезекте дәулетті шаруашылықтарды жаппай қуғындаумен қатар жүрді. 1932 жылы 7 тамызда „Мемлекеттік кәсіпорындардың, ұжымшарлар мен кәсіп орындар кооперативтердің мүлкін қорғау және қоғамдық меншікті нығайту туралы" Заң қабылданды.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ „ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Барлығы: 27 ұпай

5) Ұжымдастырудың демографиялық салдары 1930 жылы аштықтан 313 мыңнан астам адам, 1931 жылы 755 мың адам қаза болды. 1926 жылы қазақтардың саны 3 млн 628 мың адамды құраса, 1939 жылы 1 млн 321 мың адам болды. Қазақ халқының саны 36,7%-ға кеміп кеткен. 1930 жылы аштықтан 313 мыңнан астам адам, 1931 жылы 755 мың адам қаза болды. 1932-1933 жылдар зобалаңның шыңы болып есептелді. Қазақстанда шамамен 2 млн 100 мыңдай қазақ қырылғанын, ал бұл бүкіл қазақ халқы жалпы санының 49%-ын құрайтынын атап көрсетеді. Жүздеген мың қазақ Қазақстаннан тыс жерлерге көшіп кетті. Осындай қасіреттің нәтижесінде Қазақ АКСР халқының этникалық құрамы өзгерді. Қазақтар өз жерінде этникалық азшылыққа айналып, 1939 ж. санақ бойынша республика халқының тек үштен бірін ғана құрады. 1969 жылы ғана қазақтардың өз санын қалпына келтіруінің сәті түсті.

10 ұпай

3) Ұжымдастырудың экономикалық салдары: Қазақстан ауылшаруашылығын көпшілік ұжымшарларға көпшілікті күштеп біріктіру, отырықшыландыру саясаты шаруашылықтың көшпелі жүйесін жоюға әкелді. Жеке шаруа қожалықтарының орнына ұжымдық шаруашылықтар - ұжымшарлар келді. Сталиндік күштеп ұжымдастыру аса ауыр салдарға әкеп соқты. Қазақстанда отырықшыландыру мен ұжымшарлар келді аса ауыр салдарға әкеп соқты. Қазақстанда отырықшыландыру мен ұжымдастыру кезінде малдан айыру халықтың жаппай кедейленуіне 1931-1932 ж. аштыққа соқтырып, қазақ ауылдарына ауыр зобалаң әкелді.

9 ұпай

Барлығы: 27 ұпай

КТ-10-06



„Дәстүрлі өркениет" ұғымы. Ертедегі ежелгі дәуірлік, ежелгі шығыстық ортағасырлық өркениеттер дәстүрлі деп аталады. Олар индустриалдық дәуірге дейін ежелгі және орта ғасырларда болды. Олардың белгілері: бірсарындылық мәдени тәжірибенің тұрақты түрде қайталануы және ата-бабалар өмір салтының ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыруы; дәстүрдің дәріптелуі, адам мен табиғаттың тығыз байланысы және табиғат жағдайларына тәуелділік, адамның өз әлеуметтік тобымен тығыз байланысы; діни немесе діни-мифологиялық сана. Дәстүрлі өркениет дәстүрлі (аграрлы, индустриалдыға дейінгі) қоғамға сай болады. Оларға дәстүрлі мәдениет тән. Жоғарыда айтылған белгілердің барлығы кездесетін көшпелілер өркениеті де дәстүрлі болып табылады. Орталық Азияның ежелгі тарихи жазба деректерде аз және нақты көрсетілмеген. Деректердің басым көпшілігі б.з.б. I ғасырдың екінші жартысына - б.з. I ғасырының бірінші жартысына жатады. Мысалы Қытайлық деректерде антикалық деректерге қарағанда Орталық Азияның ежелгі тарихы туралы маңызды да нақты деректер береді. Бұл деректер б.з.б. II ғ/да Чжан Цяньның Ферғана, Жетісу, Қаңлы және Бактрияға сапар жасаған уақытынан белгілі бола бастады. Қазақстандағы археологиялық қазба жұмыстары 1826 жылы В.В Радловтың Алтайдағы мұздақтарға айналған қорғандарға қазба жұмысын жүргізумен басталды. Н.Н Пантусов бірінші болып тастарға қашалған ежелгі кескіндер туралы жазып, оларды суретке түсірді. Қазақстан тәуелсіздік алған кезеңнен кейінде археологиялық зерттеу жұмыстары жүйелі жүргізілуде. 1920-1930 жылдардағы археологиялық зерттеулер қола дәуірімен байланысты. Тек Ақтөбе облысының өзінде 500-ден астам қоныс пен қорған зерттелді. 1969 жылы Есік қорғанынан „Алтын адамның" табылуы аса маңызды оқиға болды. 1980 жылы В.Ф Зайберт энеолиттік Ботай мәдениетін зерттеп, осы жерде алғаш жылқының қолға үйретілгенін дәлелдеді. Іле Алатауының далалы аймағы мен тау бөктерінде сақтардың отырақшылық қоныстарының табылуы маңызды жаңалықтардың қатарында болды



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ ... РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Тау сақтардың жартылай отырықшылықта өмір сүріп, тұрақты мекен салғанын және егіншілікті білгенін дәлелі Жетісудың таулы аудандарында Көлсай археологиялық ескерткішіне жататын ертедегі сақтардың қорымдары табылды.

Орталық Азияның дәстүрлі мәдениетін зерттеуде (көшпелітану) көшпелі мал шаруашылығының бағыты мен көшпелі қоғамның барлық қырын зерттейтін кешенді ғылымның маңызы зор. Бұл XX ғасырдың ортасынан дами бастаған ғылымның жаңа бағыты. Алғашқы уақытта номадистика қазіргі замандағы көшпелі қоғамның этнографиялық жазбаларын зерттеумен ғана байланысты. Ал ежелгі және орта ғасырлардағы көшпелілер империясының өткен тарихымен тек тарихшылар ғана айналысты. Кейіннен көшпелілердің бұрынғы тарихын зерттеген тарихи-этнографиялық зерттеулер пайда болды. Ауқымды тақырыптарды зерттей бастаған номадистика жеке кешенді ғылым саласына айналды. Қазіргі уақытта онымен тек этнографтар ғана емес, тұтастай көшпелілер өркениетін зерттеп жүрген тарихшылар мен археологтар да айналысуда. Қазіргі замандағы көшпелілердің этнографиялық өмірін бақылау көшпелілер қауымының өткен тарихын білуге жәрдем береді.

Жалпы балл - 25

Ертедегі ежелгі дәуірлік, ежелгі шығыстық, ортағасырлық өркениеттер дәстүрлі деп аталады. Олар индустриалдық дәуірге дейін ежелгі және орта ғасырларда болды. Олардың мынадай белгілері бар:

- бірсарындылық: мәдени тәжірибенің тұрақты түрде қайталануы және ата-бабалар өмір салтының ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыруы;
- дәстүрдің дәріптелуі (дәстүр қасиетті саналады, оны ешқандай жағдайда бұзуға болмайды);
- адам мен табиғаттың тығыз байланысы, қоғамдық және жеке өміріндегі бейімделушілік;
- діни немесе діни-мифологиялық сана.

Дәстүрлі өркениет дәстүрлі қоғамға сай болады. Олар дәстүрлі мәдениетке тән. Орталық Азияның ертедегі дәстүрлі өркениет тарихы туралы жазба деректері. Орталық Азияның ежелгі тарихы жазба деректерде әлі және нақты көрсетілмеген. Бұл деректердің басым көпшілігі б.з.б. I ғасырдың екінші жартысына - б.з. I ғасырының бірінші жартысына жатады. Ғылымда бұл туралы жақсы белгілі, бірақ олардың деректері нақты емес. Өйткені ертедегі грек және римдік авторлар ауызша хабарлар мен дәлелсіз дереккөздерден жазған. Қазақстанды археологиялық зерттеу тарихы. Қазақстандағы археологиялық қазба жұмыстары 1826 жылы В. В. Радловтың Алтайдағы мұздықтарға айналған қорғандарға қазба жұмысын жүргізуімен басталды.
Н. Н. Пантусов бірінші болып тастарға қашалған ежелгі кескіндер (петроглифтер) туралы жазып, оларды суретке түсірді.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ... РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

Ал 1889 жылы Жетісудағы үш қорғанға қазба жұмысын жүргізуімен айналысты. 1893 – 1894 жылдары В. В. Бартольд Шу, Талас және Іле алқаптарындағы ескерткіштерді зерттеді. XX ғасырдың басында Қазақстандағы ескерткіштерді зерттеуге Орынбор мұрағат комиссиясы қосылды. 1920 – 1930 жылдардағы археологиялық зерттеулер қала әзірімен байланысты. Тек Ақтөбе облысының өзінде 500-ден астам қоныс пен қорған зерттелді. Тастан қаланған және „мұртты" қорғандар зерттеліп, Бесоба қорымына қазба жұмыстарын жүргізді. Қ. И. Сәтбаев Сарыарқаның ежелгі ескерткіштерін зерттеуде әрі ежелгі кен істері мен мыс қорыту өндірісін анықтауда аса маңызды рөл атқарды. Тараз қаласының анықтауда үлкен жұмыстар жүргізді. Орталық Азияның ертедегі дәстүрлі мәдениетін зерттеуде номадистика мен этнографияның рөлі. Орталық Азияның дәстүрлі мәдениетін зерттеуде номадистика - көшпелі малшаруашылығының бағыты мен көшпелі қоғамның барлық қырын зерттейтін кешенді ғылымның маңызы зор. XIX - XX ғасырдың ортасынан дами бастаған ғылымның жаңа бағыты. Алғашқы уақытта номадистика қазіргі замандағы көшпелі қоғамның этнографиялық жағдаларын зерттеумен ғана айналысты. Ал ежелгі және орта ғасырлардағы көшпелілер империясының өткен тарихымен тек тарихшылар ғана айналысты. Кейіннен көшпелілердің бұрынғы тарихын зерттеген тарихи-этнографиялық зерттеулер пайда болды. Ауқымды тақырыптарды зерттей бастаған номадистика жеке кешенді ғылым саласына айналды. Қазіргі уақытта онымен тек этнографтар ғана емес, тұтастай көшпелілер өркениетін зерттеп жүрген тарихшылар мен археологтер да айналысуда.

[illegible] – 25

1. Көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуы. Қазақстан аумағының табиғи және климаттық ерекшеліктері, яғни жоғары жерлікті тұрғындардың шаруашылық түрінің қалыптасуына ежелден-ақ тікелей әсер еткен. Ежелгі тұрғындар тіршілік ортасының өзгеруіне қарай біртіндеп егіншіліктен мал шаруашылығына көше бастады. Су көзі мен жайылымдық жерлердің тапшылығы, аумақтағы өсімдіктердің жеткіліксіздігі табиғи мал азығы қорының таралуына әкелді. Жер құнарлығы төмендеп, эрозия және шөлейттену қаупі артты. Біртіндеп мал басының саны көбейді. Мұның бәрі адамның өмір сүру ортасына икемделіп, әлеуметтік-мәдени бейімделудің ерекше түрін таңдауына мәжбүр етті. Ол көшпелі мал шаруашылығының дамуына жетелейді. Жайылымдық алқаптарды егіншілік мақсатында пайдалану өнімділікті арттырмады. Көшпелілер өңірі табиғи заңдылықтарға бейімделіп, тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі, қоршаған ортаны игеру тәжірибесінен қалыптасты. Жалпы көшпелі мал шаруашылығына көшу себептерінің бірі - жылқыны қолға үйретуі еді. Жылқы малы ең алдымен Солтүстік Қазақстанда қолға үйретілді. Бұл жерде ежелгі адамның алғаш рет жылқыны қолға үйрету орталығының бірі, жиі Ботай мәдениеті табылған. Көшпелі өмір салты малды жау шапқыншылығынан және табиғат апаттарынан аман сақтап қалып отырды. Сонымен қатар жайылымдардың тозуы да табиғи талаптарға байланысты мал өрістерін ауыстырып отыру қажеттілігін тудырды. Жалпы көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуының маңызды үш себебі; Қазақстан аумағының климаты құрғақ болып, жауын-шашын мөлшері азайды. Екіншісі, мал басының көбеюі жаңа жайылымдық жерлерді қажет етті. Үшіншісі, ат әбзелдерін жетілдіру жылқыны көлік ретінде пайдалануға мүмкіндік берді. Жаңа жерлерді игеру оңтайлы болды. Мал көшпелілерге азық-түлік, киім-кешек, тұрғын үй т.б. қажетті өнім берді. Көлік міндетін атқарды.

2. Егіншіліктің дамуы. Қазақстан аумағында табиғи-климаттық жағдайдың әртүрлілігіне байланысты көшпелі мал шаруашылығымен қатар, егіншілікте орын алған. Шын мәнінде, қазақтар ежелден-ақ егіншілікпен айналысқан. Оны тарихи, соның ішінде археологиялық деректер айқын дәлелдейді. Өзен-көл, су көздері жақын өңірлерде егіншілік ошақтары дамыды. Егіншілік орталықтары - Сырдария, Іле, Шу, Нұра, Орал, Ертіс өзендері мен Балқаш, Алакөл, Зайсан көлдері маңы. Басқа аймақтарда да шағын көлемде тұрғындар жер өңдеумен айналысты. Егіншілік неолит және энеолит кезеңінде қалыптасты. Ежелгі қола дәуірінің қарапайым құралдарын археологтар Шығыс Қазақстан мен Солтүстік Қазақстан өңірлерінен тапқан. Қазақтар тары, бидай, арпа, күріш, жүгері екті. Шымкент және Перовск уездерінде мақта, Верный уезінде азғана темекі өсірді. Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс аймақтарында қауын, қарбыз, асқабақ, қияр, сәбіз екті. XIX ғасырдың соңынан бастап қазақтар мен орыс шаруалары қатар қоныстанған аудандарда жергілікті тұрғындар картоп, қияр және тағы басқа көкөніс түрлерін егумен айналысты. Отырықшы және жартылай отырықшы егіншілер астық сақтау үшін жерді қазып ұра немесе қамба салған. Егіншаруашылығы арнайы еңбек құрал-саймандар жасауды қажет етті. Соқа, орақ, айыр, күрек, кетпен, аша, тырма т.б. жер өңдеуге қажетті құралдар қолдан жасалды. Қазақтардың егіншаруашылығы, негізінен, тұтынуға қажетті сипатта болды. Кедейленген егіншілер байлардың егістіктерінде астықтың белгілі бір бөлігі үшін жалданып жұмыс істеді.

3. XX ғасырдың басындағы қазақтардың жаппай егіншілікке өту себептері. Жалпы себептері: біріншіден, орыс шаруаларының қоныс аударуы салдарынан мал жайылымдары қысқарып, қала тұрғындарының саны өсті. Екіншіден, қазақтар егіншілікке өтпеген жағдайда қоныстанған аймақтардан қуылып ығыстырылатын қаупін де ескерді. Егіншілікке өту арқылы қазақтар өз жерінде тұрақтап қалуға әрекеттенді. Үшіншіден, патша өкіметінің отарлау саясаты қазақтарды отырықшылыққа көшіруді көздеді. Бұл жерде патшалық Ресейдің басты мақсаты - өлкенің негізгі тұрғындарын жерінен айырып, қоныс аударушыларға бөліп беру және қазақ қоғамында патша билігі үстемдігін бекіту еді. Кейде қазақтар орыс шаруаларымен тәжірибе алмасып, олардан шаруашылықты жүргізу үшін үйренген.

Қорыта айтқанда, қазақ халқы мал шаруашылығымен қатар, егіншілік кәсібімен де айналысқан. Тарихи дәстүр негізінде қалыптасқан мал шаруашылығы мен егіншілік саласы бүгінгі күні ірі жетістіктерге жетті.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ ДАРЫНДЫ ... ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуы. Қазақстан аумағының табиғи және климаттық ерекшеліктері, яғни жоғарғы жергілікті тұрғындардың шаруашылық түрінің қалыптасуына ежелден-ақ тікелей әсер еткен. Ежелгі тұрғындар тіршілік әрекетінің өзгеруіне қарай біртіндеп егіншіліктен мал шаруашылығына көше бастады. Шамамен б.з.б. II мыңжылдықтан соңындағы қуаңшылық жағдайында егіншілікпен айналысу тиімсіз болды. Қазақстан аумағының басым бөлігін шөлейт жерлер алып жатыр. Су көзі мен жайылымдық жерлердің тапшылығы, аумақтағы өсімдіктердің жеткіліксіздігі табиғи мал азығының таралуына жайлы. Жер құнарлығы төмендеп, эрозияға ұшырау қаупі артты. Біртіндеп мал басының саны көбейді. Мұның бәрі адамның өмір сүру әрекетіне икемделіп, экономикалық-мәдени бейімделудің ерекше түрін таңдауына

1- сұрақ - 10 балл
2- сұрақ - 10 балл
3- сұрақ - 10 балл

Жалпы балл - 30

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиадасының І кезеңін бағалау туралы**
**ВЕДОМОСТЬ**

**Пәні: Қазақстан тарихы**
**Сынып:9**

| Шифр,код | Қатысушының жеке сәйкестендіру номері | Балл І тур |
|---|---|---|
| ҚТ-09-08 | 080722652943 | 27 |
| ҚТ-09-05 | 080617652972 | 25 |

Қазылар алқасының қолы: С.Габдуллин
А.Габдуллина
Г.Кенжегалиева

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиадасының I кезеңін бағалау туралы**
**ВЕДОМОСТЬ**

**Пәні: Қазақстан тарихы**
**Сынып:10**

| Шифр,код | Қатысушының жеке сәйкестендіру номері | Балл I тур |
|---|---|---|
| ҚТ-10-06 | 070725652016 | 25 |
| ҚТ-10-07 | 070308650419 | 25 |

Қазылар алқасының қолы: С.Габдуллин
А.Габдуллина
Г.Кенжегалиева

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиадасының І кезеңін бағалау туралы**
**ВЕДОМОСТЬ**

**Пәні: Қазақстан тарихы**
**Сынып:11**

| Шифр,код | Қатысушының жеке сәйкестендіру номері | Балл<br>І тур |
|---|---|---|
| ҚТ-11-03 | 051120650124 | 30 |

Қазылар алқасының қолы: С.Габдуллин
А.Габдуллина
Г.Кенжегалиева